

## Қамқоршылық кеңес отырысының

### №1 хаттамасы

**Өткізілген күн:** 05 қыркүйек 2025

**Уақыты:** 17.00

**Қатысқандар:** тәрбие - ісінің орынбасары, әлеуметтік педагог.

**Шақырылғандар:** Қамқоршылық кеңес мүшелері.

#### **Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары / жұмыс жоспарын бекіту, кеңес құрамын бекіту /;

#### **1-ші сөйлеген** мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы

С.Ю.Масютенко, тәрбие ісінің орынбасары С.Т.Омаровамен 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспары құрылғаның, жұмыс жоспарын бекіту, кеңес құрамын бекіту туралы айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелігінен шыққысы келетін ата-аналар болса, орнына басқа кісілерді сайлауға болатыны туралы айтты. Биылғы оқу жылында мектеп қорынан берілген көмектер бойынша ақпарат беру үшін мектептің әлеуметтік педагогты шақырғаны туралы ескертті. Мектептің шаруашылық жөніндегі орынбасары А.А.Ахмирова материалдық-техникалық базасының жабдықталу бойынша көптеген ақпараттар берді. Биылғы жылы мектебімізге тек ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілгенің, оқу кабинеттеріне көптеген құрал-жабдықтары келін жатқаның айтты, сонымен қатар ата-аналардың үнемі мектеппен тығыз байланыста жұмыс жасауы керектігі туралы айтты. Әлеуметтік педагог биылғы оқу жылында да сауықтыру лагеріне де жолдамалар болатының ескертті. Жолдама бойынша жетістігі бар, әлеуметтік осал топтағы оқушылар баратының айтты.

**3-ші сөйлеген** әлеуметтік педагог Исмаилова Сания Жаксыгелдиевна биылғы оқу жылында тегін тамақпен қамтылған оқушылар аз екенің айтты, себебі көптеген ата-аналар құжат жинауға ерінгеннен кейін, көптеген бала тегін тамақ ішу тізіміне енбегенің айтты. Ол оқушылар әлеуметтік тұрмыстық жағынан күн көріс табыстары төмен, жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған оқушылар екенің айтты. Сонымен қатар осы оқушыларға жалпы оқу қорынан, оқу-құрал жабдықтары беріліп жатқаны туралы айтты. Егер әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды біліп отырса, дереу мектеп әкімшілігіне хабарлау туралы ескертті.

#### **Шешім:**

1. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, кеңес мүшелер құрамын қалдыру ;
2. Ата-аналардың үнемі сынып жетекшілермен байланыста болуы;

3. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылауда ұстау туралы шешім қабылданды.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:



С.Масютенко

Хатшы:



С.Омарова